Мектепте дәстүрлі түрде Қамқоршы күні өткізіліп тұрады. Қамқоршы күні оқушыларымыздың қамқоршылары үшін отбасында балаларды тәрбиелеумен байланысты проблемалық жағдайларды шешу бойынша көзқарастарын зерттеу мақсатында «Қамқорға алынған балаларды тәрбиелеу проблемасы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді. 2021 жылдың 5 қарашасында отбасылық тәрбие жобасы шеңберінде 1-4-сыныптар арасында ата-аналарымен бірігіп пайдалы тағам дайындау конкурсы өткізілді. 2022 жылғы мамырдың 13-нен 15-і аралығында отбасы рөлі мен маңыздылығын арттыру мақсатында «Бір отбасы бір кітап» атты акция өткізілді. Оқушылар өз отбасы туралы фото және бейне материалдар дайындады. Аталмыш акцияға 6 отбасы қатысты. Сынып жетекшілері әрбір адамның өміріндегі отбасы рөлін ашу, оқушылардың өмірдегі «отбасымен оқу» сөзінің мәніне көңіл бөлулері, оқушылардың ата-анаға деген сүйіспеншілігі сезімі мен құрметін тәрбиелеу, өз отбасын мақтан тұту мақсатында «15 мамыр – халықаралық отбасы күні» атты сынып сағаттарын өткізді, отбасындағы салт-дәстүрлер туралы әңгімелесулер өткізіліп, отбасы туралы тақпақтар мен мақал-мәтелдер оқылды.



Оқу жылы отбасын қолдау қызметі бойы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жасады. Отбасын қолдау қызметі мүшелері кеңес берулер, оқытушы семинарлар мен дөңгелек үседер өткізді. Мектепте оқушылардың, ата-аналардың және мектеп педагогтарының ұсыныстарына арналған «сенім жәшігі» әрекет етеді. Оқу жылы бойы «сенім жәшігіне» бірде-бір хат түспеген, бұл мектептің білім беру мен тәрбиелеу жұмысындағы жағдайдың, сонымен қатар, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының қарым-қатынасы сенімді түрде екендігін дәлелдейді.

Ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, мектеп асханасын жалға алушы өкілі кіретін қамқоршылық кеңесі өз жұмысын жалғастырды. Тоқсан сайын қамқоршылық кеңесінің мәжілістері өткізіледі. Кеңес мүшелері мектеп өміріне жұмылдырылған, тамақтандыру бойынша комиссия құрамына кіреді, мектеп қызметі мәселелерін шешеді, әртүрлі шараларға қатысады. Биылғы жылы қамқоршылық кеңесі мүшелері жаңажылдық ертеңгіліктерде балаларға сыйлықтар жасауға көмектесті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Тәрбие жұмысының бесінші бағыты оқушылардың кәсібиөзін-өзі анықтауына деген түсінікті қалыптастырады, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамытады.

Бүгінде орта білім беру ұйымдарында мектеп түлектерінің болашақ мамандық таңдауы көптеген жағдайда сол таңдаған немесе басқа да мамандықтар бойынша мемлекеттік гранттар санына, мектепте қандай да бір пәнді жеңіл түрде меңгеруіне, ата-аналар мен достарының кеңестеріне бағдарланады.

Осы проблеманы шешудің бірден-бір тиімді шарасы білім беру ұйымдарында оқушылармен кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу болып табылады. Кәсіби бағдар жұмысы құрылған жоспарға сәйкес өткізілді, оған келесі бөлімдер кіреді: оқушылармен, ата-аналармен жұмыс, оқу мекемесімен өзара байланыс, психологиялық қызмет жұмысы. Жыл сайын колледждермен біріккен жұмыстардың жоспары құрылады. Оқу орындары туралы буклеттер салынған папкалар құрастырылған, стенд безендірілген. Оқушылар мамандықтармен танысты, психологтармен жұмыста қызығушылықтарына анализ жасады. 9-сыныптар оқушылары кәсіби бейімділікті анықтау мақсатында жастар бастамасы орталығында болды, онда олар сауалнамадан өтіп, «Бір сәт бақыт сыйла» қолөнер жасау.

Мониторинг қорытындысы бойынша келесі шешім шығаруға болады:

9-сыныптар оқушыларының саны артып келеді, оқушылардың колледждерге түсуі екі жыл бойы тұрақты болып қалуда; денсаулық жағдайына байланысты жылына Оқушылар мектеп ауласын тазалауға, сенбіліктерге, қолдан бұйымдар жасау конкурстарына қатысу арқылы еңбек дағдыларын да алуда.

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында, жеке тұлғаның еңбегін, рухани-адамгершілігін дамыту арқылы 2021 жылғы қыркүйекте оқушылардың, ата-аналардың, педагогикалық ұжымның қатысуымен мектеп аумағын көгалдандырудың бірыңғай «экосағатын» өткізілді. Бірыңғай экосағаты шеңберінде мектеп аумағында қылқан жапырақты көшеттер мен бұталар отырғызу ұйымдастырылды. Ағаш отырғызуға оқушылар, ата-аналар мен педагогтар қатысты.

Күзде «Таза Қазақстан» акциясы аясында мектеп аумағын тазалау мен абаттандыру бойынша еңбек десанттары өткізілді. Күз құбылысы туралы білімдерін кеңейту, күз сыйының адам үшін маңыздылығын көрсету, табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында 2021 жылдың қазан күндері мектепте күз мерекесі өткізілді. Апта бойы балалар мерекеге белсенді түрде дайындалды: күз

тақырыында суреттер салды, табиғи материалдардан бұйымдар жасады. Шығармашылық жұмыстар көрмесі безендірілді, балалар ата-аналарымен бірге көкгөністер мен табиғи материалдардан бұйымдар дайындады.

### Көпмәдениетті және көркемдік-эстетикалық тәрбие

2020-2021 оқу жылының басынан 2022 жылғы , мектепте 7 үйірме ұйымдастырылған, оларға 64 оқушы қамтылған, бұл жалпы оқушылар санының 80%-ын құрайды.

Мектепте әрекет ететін үйірмелер көркемдік-эстетикалық, сәндік-көпөнер, экологиялық, туристік-өлкетану, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, Үйірмелер жұмыстары кесте бойынша жүргізіледі.

Оқушылардың үйірме жұмысына қамтылу мониторингі

Оқу жылы	Үйірмелер саны	Үйірмелерге қатысатын оқушылар саны
----------	----------------	-------------------------------------

2021-2022	7	6
-----------	---	---

Салыстырмалы анализ оқушылардың үйірмелерге қатысуы тұрақты екендігін көрсетеді. Оқушыларды көркемдік-эстетикалық дамыту мақсатында мұғалім кенжебаева З.Қ. басшылығымен үнемі түрлі тақырыптарда суреттер көрмесі әрекет етеді. Көрнекті қазақ педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсаринның 180 жылы мерейтойы шеңберінде суреттер көрмесі өткізілді. Алғашқы Президент күніне орай бейнелеу өнері мұғалімі Капышева А.Х. «Менің Отаным – Қазақстан», «Отынымның әсем жерлері» атты суреттер көрмесін ұйымдастырды. 2-6-сыныптар оқушылары өз суреттерін Қазақстан табиғатына, Астананың әсем жерлеріне, республикамыздың игілігіне арнады. «Барлық аналарға арналады» атты суреттер көрмесі де ұйымдастырылды. Суреттер көрмесіне 5, 6, 7-сыныптар оқушылары қатысты.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететін, көшбасшылық қасиеттерін және әрбір жеке тұлғаның дарындылығын, сонымен бірге ақпараттық мәдениетті қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Шаралар жоспарын жүзеге асыру шеңберінде мектепте пән апталықтары өткізіледі. Пән апталықтары шеңберінде балалар интеллектуалды ойындарға, конкурстарға, тренингтерге, викториналар мен олимпиадаларға қатысады.

Қысқы каникулдарда «Ертегі менімен барлық жерде» атты викторина, білгірлер сайысы, сыныптан тыс «I like English» шарасы, қызықты математика сағаты.

Оқушыларға тәрбие мәдениетін интернет-кеңістікте үйреткен маңызды: қарым-қатынас мәдениеті, өз ойын білдіру, әңгімелесушінің пікірін сыйлау, этикалық нормаларды сақтау.

Мектебімізде Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі, «Өз құқығыңды білесің бе?» атты тақырыпта және де тақырып мақсатында және халықаралық интернетсіз күнге арналған республикалық концепциясы кең масштабты балалар акциясы негізінде 1-11-сыныптардың сынып жетекшілері кәметке толмағандардың Интернет белсенділігіне бақылау жасауға Интернет қызметін қолданушы ересектердің Интернет жауапкершілігі мәдениетін арттыру мақсатында, концепция ата-аналарға жеткізілді 2021 жылы қаңтарында сынып жетекшілері интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында «Мен интернетсіз күнді қалай

өткіздім» тақырыбы бойынша сынып сағаттарын өткізді. 1-5-сыныптар оқушылары үшін өткізілген шаралар қрытындылары бойынша «Мен интернетсіз күнді қалай өткіздім» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды, 6-10-сыныптар оқушылары «Мен интернетсіз күнді қалай өткіздім» тақырыбында эссе жазды.

### Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие жұмысының сегізінші бағыты ретінде салауатты өмір салтын табысты түрде қалыптастыру үшін, дене және психологиялық денсаулықты сақтау үшін, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін кеңістік құрастырады.

Балалардың денесін дамыту үшін спорт секциялары жұмыс істейді. 2021-2022 оқу жылының басынан 2021 жылғы 2 қыркүйектегі бұйрыққа сәйкес, мектепте 5 секция әрекет етеді: баскетбол, волейбол, атыс, тоғызқұмалақ оларда 64 оқушы қамтылған, бұл оқушылардың жалпы санының 45 % -ын құрайды. Секциялар жұмысы кесте бойынша, күнтізбелік жоспарлауға сәйкес жүргізіледі.

### Оқушылардың спорт секцияларымен қамтылу мониторингі

Оқу жылы      Секциялар саны      Секцияларға қатысатын оқушылар саны

2021-2022      5      64

Салыстырмалы анализ оқушылардың секцияларда қамтылуының тұрақты екенін көрсетеді.

Оқу жылы бойы оқушылар асық ату, баскетбол мен дойбы бойынша қалалық жарыстарға қатысты

МК, қауіп тобында есепте тұрған балалардың, аз қамтамасыз етілген, тұрмысы нашар, көп балалы отбасылары балаларының қамтылуының ерекше бақылауы жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылы салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша алдын алу жұмыстары жоспарланып, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған мемлекеттік «Денсаулық ең басты құндылығымыз» атты бағдарламасының нормативті құжатына сәйкес жүзеге асырылды. Аталмыш нормативті база есебімен шаралар жоспары өңделіп, бекітілді. «салауатты өмір салты туралы не білеміз» тақырыбында диктант жазғызды, дене шынықтыру мұғалімдері «Денсаулық ең басты қажеттілік» атты таңғы жаттығулар өткізді, медбике оқушының сыртқы бейнесін және кабинеттердің санитарлық жағдайын тексеруді бағалау мақсатында «тазалық» рейдін өткізді, биология мұғалімері тақырыптық әңгімелесулер өткізді, апта бойы «Денсаулықтың пошта жәшігі» жұмыс жасап тұрды, оның көмегімен оқушылар медбикесі өздерін қызықтыратын сұрақтар бойынша жауаптар ала алды.

Шаралар жоспарына сәйкес Денсаулық күні, Бүкіл әлемдік «Бір әлем, бір үй, бір жүрек» атты жүрек күні, ОРВИ алдын алу бойынша «Алдын алу. Қорғау» атты айлық, Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы акциясы, Дүниежүзілік «Аурудың алдын ал» атты ішек инфекциясы ауруы туралы хабарлау күніне орай онкүндік өткізілді; алкогольден бас тартудың ұлттық күні; «Біліңіз – ұзақ өмір сүріңіз», Дүниежүзілік диабетпен күрес күні, темекі шегудің алдын алу бойынша «Темекі тастау үшін тамаша күн» онкүндігі, тұмау мен жұқпалы инфекцияның алдын алу бойынша айлық өткізілді.

Сынып жетекшілері оқушылардың қатысуымен, медбикені, мектеп психологтарын шақырумен «Пайдалы және зиянды әдеттер», «Дәрумендер мен тамақтану гигиенасы», «Сенің денсаулығың мен жеке гигиена»

Көркем еңбек мұғалімдері ақпараттық сағат пен бастауыш сыныптар оқушылары арасында «Пайдалы тамақтану» тақырыбында балалар суреттері конкурсы өткізді.

2021 жылғы қарашада салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды үнемі спортпен айналысуға жұмылдыру мақсатында 9-11-сыныптар оқушылары үшін «Көпшілік спорт – табысты және дені сау ұлттың дамуына жағдай жасау» атты спорттық шара өткізілді. Жарыстар қорытындылары бойынша жеңімпаздар грамоталармен марапатталды.

Оқу жылы бойы басқа ұйымдар өкілдерімен барлық жоспарланған кездесулер ұйымдастырылып, қатаң түрде өткізілді, олардың ұзақ мерзімді мақсаты - кіші жастағы оқушылар мен жасөспірімдердің СӨС қалыптастыру:

Мектеп психологы Мусайф Ж қыркүйек айында жұмыс «Жасөспірімдермен жеке әңгімелесулер» тақырыптарын құрастырды.

-2022 жылғы наурызда 7-8сыныптар оқушылары арасында жыныстық жетілу туралы лекция өткізді.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды міндеттерінің бірі бұл мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру. Толыққанды ысық тамақты ұйымдастыру қиын міндет болып табылады, балаларды қажетті барлық тағамдық заттармен қамтамасыз ететін және пайалы тамақтың тиімді заманауи ғылыми принципіне сай келетін мектептік түскі астың перспективті менюін өңдеу болып табылатын маңызды буындардың бірі. Осыған сәйкес, мектеп асханасында барлық оқушыларға, сондай-ақ, педагогтар мен мектеп қызметкерлеріне қызмет көрсету Санпин талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп асханасы 30 орындық, оқушылардың қол жууы үшін раковиналармен жабдықталған арнайы орын ұйымдастырылған.

Асханада әкімшіліктің және сынып жетекшілерінің кезекшілігі ұйымдастырылған, оқушылардың тамақтануы мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Қыркүйек айында өткізілген ата-аналар жиналыстарында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жылына бір рет оқушыларды «Мектеп асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру» бойынша мектеп асханасындағы тамаққа қанағаттанушылықтары бойынша сауалнама жүргізіледі.

Оқушылардың «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығындағы

демалумен қамтылу мониторингі

Жыл бойы медбике Шопанова С.Б. оқушылардың медициналық тексеруін өткізді. Оқыту мен тәрбиелеудің санитарлық-гигиеналық жағдайына бақылау жасайды. Медициналық тексеруден өтуге бақылауды жүзеге асырады. Оқушылармен әңгімелесулер мен лекциялар өткізеді. Медициналық тексеру анализін жүргізеді. Ата-аналар мен мұғалімдерге хабарлайды. Денсаулық паспортын рәсімдейді.

Медициналық бағыт білім беру үдерісінің гигиеналық жағдайын, медбикенің оқушылармен және мектеп қызмекерлерімен оқыту және реабилитациялау жұмысын қамтамасыз етеді. Одан басқа, оқушылар аурушаңдығы бойынша мониторинг жүргізіледі.

2021-2022оқу жылы мектеп бойынша оқушылар аурушаңдығы

Аурулар атаулары Оқушылар саны

Тубвиражнды 0

Созылмалы аурулар 0

Көру органының бұзылуы 1

Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы 0

ОРВИ, ОРЗ, тұмау аурулары 6

д/ш сабағынан босатылған оқушылар 1

Аурушаңдықтың өсу жағдайы жоқ екенін атап өту керек.

Тәрбие жұмысының анализі жалпы 2021-2022 оқу жылы қойылған міндеттер шешіліп, мақсат орындалғанын көрсетеді. Барлық өткізілген шаралар қорытындылары туралы мектеп сайтынан, инстаграмнан, оқуға болады. Ата-аналар да, оқушылар да мектептегі білім беру мен тәрбиелеу үдерісіне қанағаттанушылық танытады.

Тәрбие жұмысының күшті жақтары:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар қараусыздығы мен бақылаусыздығы, қайыршылық пен қаңғыбастық бойынша жұмыстар.
2. Мұғалімдер мен ата-аналардың шағын ауданда рейдтер мен патрульді жүйелі түрде өткізуі.
3. Мектептен тыс ұйымдармен байланыс: ауылдық кітапхана.
4. Интернетте «жаңалықтар» бөліміндегі жұмыс, негізінен инстаграмда парақша жүргізу.
5. Мемлекеттік масштабтағы сияқты мектептік деңгейде де мерекелер өткізу.
6. Үйірмелер жұмысы.
7. Сынып жетекшілерінің атқарушылық тәртібі.

Тәрбие жұмысының әлсіз жақтары:

1. Өткізілетін сынып сағаттарының сапасы.
2. Ата-аналармен жұмыс.

3. Мектептік балалар ұйымы жұмысының сапасы.

4. Көпшілік, көрсеткіш шаралар жоспарында СӨС қалыптастыру бойынша жұмыс.

5. Балалардың түрлі деңгейдегі шараларға қатысуы.

2020-2021 оқу жылына келесі міндеттері жұмыс анализі негізінде қалыптастыруға болады:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- Сынып жетекшілерінің ӘБ бұмысын белсендендіру;
- 9-сыныптар оқушыларымен кәсіби бағдар және жұмысқа орналасу бойынша жеке ақпараттық-түсіндіру жұмысын лайықты деңгейде ұйымдастыру;
- мектептік балалар ұйымының жұмысын белсендендіру;
- Мектептің дәстүрін сақтап, көбейту.

2021-2022 оқу жылындағы жұмыс қорытындысын жалпылай келе, 2021-2022 оқу жылы мектепті дамыту бағдарламасының басты бағыттары анықталды:

- Мектептің тәрбие жүйесін құру;
- Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында педагогқызметінің жаңа жүйесін қалыптастыру;
- Мектептің функционалды сауаттылығын қалыптастыратын білім беру ортасын қалыптастыру (білім беру, денсаулықсақтау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу);
- Оқушыларға, білім беру сапасын компетентті тәсілге сүйене отырып критериалды бағалау;
- Педагогикалық қолдауға мұқтаж ООП оқушыларға оқуына жағдай жасау.

Мектептегі инновациялық менеджментті жүзеге асыру үдерісі:

- Инновациялық қызмет жоспары мен бағдарламаларын инклюзивті білім беру жағдайында өңдеу; жаңа ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мен оның енгізілуі.
- Жаңа білім беру қызметтерін құру жобаларын қарастыру.
- Бірыңғай инновациялық саясатты жүргізу: осы саладағы қызметті құрылған кластерлік топтарда үйлестіру.

- Инновациялық қызмет бағдарламаларын қаржымен және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету.
- Инновациялық қызметті білікті персонамен қамтамасыз ету.

Дамыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін біз 3 жоба әзірледік:

«Әрбір оқушыға арналған жеке бағдарламаны жобалау» жобасы

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» жобасы

«Жаңартылған мазмұндағы білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» жобасы.

## 2021- 2022 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша

### педагог – психологтың жұмыс жоспары.

2021-2022 оқу жылында жылдық перспективалық жұмыс жоспарының мақсат міндеттері айқындалып осы бес бағытқа негізделген жұмыс жоспары шығармашылық топ отырысында талқыланып қабылданды. Бұл жылдық жұмыс жоспары үлгі жұмыс жоспары. Әр мектеп психологі өз мектебінің ерекшелігіне қарай түзету- дамыту, ағартушылық, алдын алу, кеңес бағыттарын өзгертуге болады. Өзгертуге болмайтын ол психодиагностикалық жұмыстар. Аудандық психологтар бірлестігінде бекітілген зерттеу жұмысының тізімі хаттамамен бекітіліп берілді. Сондық кез келген зерттеу әдістемелерін қолдануға болмайтындығын ескертемін.

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысуларға психологиялық қолдау көрсету.

### Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін- өзі тәрбиелеу және өзін -өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтармен оқушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата –аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

### Психолог жұмысының негізгі бағыттары

#### 1. Психологиялық профилактика.

**Мақсаты:** тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

#### 2. Психологиялық диагностика.

**Мақсаты:** тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

#### 3. Психотүзету және дамыту.

**Мақсаты:** оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу бағдарламасымен біліктілікті дамыту.

#### 4. Психологиялық консультация.

**Мақсаты:** педагогикалық процесстің субъектілеріне кеңес беру.

#### 5. Психологиялық білімді көтеру.

**Мақсаты:** педагогикалық үрдіске қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

### Қыркүйек

№	Жұмыс атауы	Мақсаты	Континген т	Жауапт ы	Шығы с
Дайындық кезең					



Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық келтіретін оқушылар тізімін жасақтау	Психологиялық қызметті жүйелі түрде ұйымдастыру	Сабақтарға ену, сынып жекетшілерімен сөйлесу, әдістемелер жүргізу	1-11 сыныптар	Психолог	Keңес журналы
Мектепке дейінгі кезеңнен бастауышқа, бастауыштан орта буынға, орта буыннан жоғары буынға өту кезеңін бақылау.	Сабақтарға ену, сынып жекетшілерімен сөйлесу	0-1, 4-5, 9-10	Жыл бойы	Психолог	Сабаққа бару дәптері
Мектеп ұжымына жаңадан келген ұстаздармен оқушылармен жұмыс	Бейімділікте көмек көрсету	Әңгімелесу	Оқу үрдісіне қатысушылар	Психолог	Keңес журналы
Әңгімелесу	Педагогикалық ұжымдағы психологиялық климатты бағалау	Педагогикалық ұжымдағы психологиялық климатты бағалау	Мұғалімдер	Психолог әлеуметтік педагог	Keңес журналы
<b>Диагностикалық жұмыс</b>	Сұраныс бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу.			Психолог	Анықтама
	Мектепке дайындық диагностикасы керн- Ираск әдістемесі бойынша. «Мектептегі мотивация деңгейін бағалау» сауалнамасы Баспалдақ әдістемесі өзін - өзі бағалау	1 сынып оқушыларының мектепке, оқуға дайындық деңгейін анықтау	1 сынып	психолог	Анықтама
	Н. Г. Лусканованың «Мектеп мотивациясының скринингі»	Емтиханға дайындық деңгейін анықтау	5-сынып,	психолог	Анықтама
<b>Ағартушылық – кеңес жұмысы. Оқыту этапы.</b>	Ата –аналар жиналысы : 1-сынып оқушыларының	<i>Бейімделу кезінде қолдау көрсету</i>	1 сынып	психолог	Хаттама

	оқуға бейімделуі»баяндама а Кеңес «Баланың оқу-іс-әрекетіне көмек» Баяндама «Бірге тәрбиелік» «Мектеп бала үшін жаңа өмір»		5сынып Ата-ана		
	«Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәметке толмағандар арасында, суицидті алдын алу »		8-11 сынып Ата-аналары	психолог	хаттама
	Тренинг «Менің жаңа ортам» Тренинг «Мен және балам»		1сынып 5сынып Ата-ана	психолог	хаттама
	«Жас маманның бейімделуі ». «әңгімелесу		Жас және жаңадан келген мамандар	Психолог	Хаттама

**Қазан**

№	Жұмыс атауы	Мақсаты	Контингент
<b>Диагностикалық жұмыс</b>	Мектепшілік қобалжуды диагностикалау : «Көңілді, көңілсіз» (1 кл.), «Филиппс бойынша Қобалжу» 22 сұрақ, «Кондаш бойынша Қобалжу» немесе Айзенк	Оқушылардың бойындағы қобалжу деңгейін және қобалжудың қай түрі басым екендігін анықтау	1 сынып 4,5,7 сынып 9-11сынып
	Суицид превенциясы бойынша жұмыстар жүргізу	Эмоционалды көңіл – күйін анықтау	8-11 сынып
	«Адам, терек» Л.Н.Пономоренконың тесті «Сыныптағы психологиялық ахуал» әдістеме	Ұжымдағы қарым-қатынасты анықтау	3-8 сыныптар 9-11 сыныптар
	<b>Түзету – дамыту</b>	Дәрістер: «Емиханға	Емтиханға

<b>жұмысы</b>	қалай дайындалу керек», «Сабакқа әзірлену орнын қалай ұйымдастыру керек», «Тамақтанудың тиімді жолдары» т.б. барар алдында өзін -өзі ұстау , қобалжуды қалыпқа келтіру жаттығуы	дайыдыққа қолдау	
<b>Ағартушылық кеңес жұмысы</b>	Бейне рольиктер: Буллинг . Жасөпірімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын алу.	Оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты реттеу	Сынып жетекшілермен
	<b>«Жыныстық тәрбие» Бейне баян көрсету</b>	Салауатты өмір салтын ұстану.	8-11 класс
	«Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтер превенциясы»	ата-аналарға суицидті алдын алу	8-11 сыныптар
<b>Психологиялық профилактика</b>	„Өзінді тәрбиелеу қажетпе?“тренинг	Құқық бұзушылықтың алдын алу	8-10 сыныптар

#### Қараша .

№	Жұмыс атауы	Мақсаты	Контингент	Жауапты	Шығыс
<b>Диагностика</b>	Диагностиканы сұраныс бойынша жағдайына қара й анықтау	Депрессиялық көңіл – күй жағдайын анықтау	Сұраныс бойынша	Психолог	Анықтама
	Ақыл-ой деңгейін анықтау тесті	Оқушылардың қабілеттерін анықтау	4-5 сынып	Психолог	Анықтама
	Әдістеме «ЖТБ»Е.А.Климова	Мамандыққа бағыттылығын анықтау	8-9сынып	Психолог	Анықтама
	Эмоциональдық –ерік сферасын диагностикалау: Агрессивтілік А. Ассингер бойынша.	Педагогтардың бойындағы агрессия деңгейін анықтау	Педагогтар	Психолог	Анықтама
<b>Түзету – дамыту жұмысы</b>	«Кішкентай көңілді балалар»тренинг	1 класс оқушыларының бейімделуіне	1 класс	Психолог	Хаттама

		қолдау көрсету			
<b>Ағартушылық кеңес жұмысы</b>	Баяндама «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»	Отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу.	Жалпы ата-аналар	Психолог	Хаттама
	Педагогтармен суицидтік алдын алу жұмыстары		Педагогтар	Психолог	Хаттама

**Желтоқсан**

<b>№</b>	<b>Жұмыс бағыты</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Континг</b>
<b>Диагностика</b>	Танымдық сферасын анықтау диагностикасы: ойлау, есте сақтау, зейін.	Танымдық процестерді зерттеу	0- 1 сын
	Өзін - өзі бағалау деңгейінің диагностикасы : «Баспалдақ Т.Б. Марцинковская , «Мен қандаймын» О.С. Богданова Әдістеме «Өзінді өзің бағалауың қалай»ю.И.Кеселева	Оқушылардың өзін - өзі бағалау деңгейін анықтау	3-4сын 5-6сын 7-11сын
	Әдістеме «Агрессивтілік»Басса-Дарки	Агрессияның басым түрін анықтау	6-7 сын 8-11 сұраныс
	Сауалнама: «Зиянды әдеттер».(Темекі, ішімдік, наркотик)	Зиянды заттарды қолданудың алдын алу	5-10 клас
	<b>Түзету дамыту жұмысы</b>	«Жетістікке жету өз қолыңда» тренинг	Өздеріне деген сенімділігін арттыру
	«Өмір қымбатсың маған» тренинг	Өмір туралы дұрыс шынайы көзқарас қарым- қатынас орнату	8 сыны
	«Стресспен қалай күресуге болады?»	Стрестен арылу	9,11 клас
	Тренинг : «Қарым – қатынас» (тақырып өзгертуге болады)	Жас мамандардың оқушылармен дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруға қолдау көрсету	педагог
<b>Психологиялық профилактика</b>	«Менің жетістіктерім», Жүйкелік-психикалық стрессті түсіру тәсілдері	Емтихан және ОЖСБ кезіндегі қобалжу мен стресс деңгейін жою.	9,11 клас
	Бейімделу жағдайына сараптама жасау	Салыстырмалы сараптама Сабақтастық	Педагогтармен

		бойынша «1,5 сынып оқушыларының бейімделу жағдайы	
--	--	--	--

### Қаңтар

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Диагностика	«Қызығушылық картасы » А.Е. Голомштока в модификации Г.В. Резапкиной (50 сұрақ 10 сфера).????	Оқушылардың қызығушылығы бойынша мамандық таңдау бағыттарын анықтау	1
	«Жеке –эмоционалдық сфера Айзенк бойынша	Жеке эмоционалды көңіл күйін анықтау	(сұр МБ
Түзету дамыту жұмысы	«Эмоция және мінез-құлық» тренинг	Мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңін ұйымдастыру эмоциясын бақылау	11-с
	«Сенімділік күш береді»	Қобалжу деңгейін анықтау қорытындысы бойынша жеке , топтық кеңес беру, көмектесу	9-сы
Ағартушылық кеңес жұмысы	«Мен мамандық әлеміндемін» дөңгелек үстел	Мамандықтар туралы ақпарат беру	

### Ақпан

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Диагностика	«Менің отбасым» проективті әдістемесі	Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын, психологиялық ахуалын,көңіл – күйін анықтау	2,3 с
	Әдістеме «Темперамент және мамандық»	Темпераментке бағытталған мамандықты анықтау.	9
	«Әлемде жоқ жануар».А.Л.Венгер.	Оқушылардың бойындағы агрессияны анықтау	сыныптар
	Сауалнама: «Жсөспірімдердің арасындағы әлім жеттік жасау, бопсалау»	Әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу.	7-
Түзету дамыту жұмысы	«Мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жоюда психологиялық қолдау.»тренинг	Қиындықтарды жою жолдарын көрсету	9,11 класс
Ағартушылық кеңес жұмысы	“Мамандық таңдаудағы ата – ананың ролі” түсінік жұмысы	Бейіндік бағдар бойынша ата - аналар жадынамалар тарату	9-11 кла

### Наурыз

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Диагностика	Пед консилиумға сараптама жасау.	Салыстырмалы қорытынды, ұсыныс	0, 4,9 кла
Түзету дамыту жұмысы	Тренинг «Менің көңіл күйім»	Оқушылар арасында жағымды көңіл күй орнату	8-7 оқушы
Ағартушылық жұмыс	Шағын дәріс «Эмоцияны қалай	Эмоцияны басқару жолдары	9,11 клас

басқаруға болады?»

### Сәуір

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Диагностика	Сауалнама: «Мен 5-ші сыныптан не күтемін	Орта буында кездесетін қиындықты анықтау	4 класс
	Танымдық процесстерді зерттеу: Бейнелік - ойлау, қабылдау, есте сақтау, Зейін, қабылдау	Танымдық процестің даму деңгейін анықтау	4класс Сабақтастық бо
Ағартушылық кеңес жұмысы	Түлектерге жадынама «Емтиханға қалай дайындалу қажет?»	Өздерінің мінез –құлқын, көңіл –күйін басқаруға дағдыландыру	11 сынып

### Мамыр

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Диагностика	Мектепке дайындық диагностикасы . «Мектепке дайындық деңгей бағдары Керна-Йирасека».	МАД тәрбиеленушілерінің мектепке, оқуға дайындық деңгейін анықтау	МАД
	Жыл бойы жүргізілген дагностиклық жұмыстарының салыстырмалы сараптама қорытындысын шығару.	Жоспар бойынша жүргізілген жұмысқа сараптама жасау	
Түзету дамыту жұмысы	Сынып оқушыларының мазасыздану деңгейлерін қалыпқа келтіру релаксациясы	Оқушылардың бойында сенімділік қалыптастыру	9,11 сынып

### Маусым

№	Жұмыс бағыты	Мақсаты	Контингент
Түзету дамыту жұмысы	Емтиханға барар алдында оқушылар және ата –анаға «Менің сенімім мол» тренинг	Оқушылардың бойында сенімділік қалыптастыру	11 сынып
Ағартушылық кеңес жұмысы	Жеке кеңес	Ерікті сұраныстарына орай	Сұраныс

[https://drive.google.com/file/d/15635jn2q1kJvBrUXq7A63cfq\\_tN0Wpe7/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/15635jn2q1kJvBrUXq7A63cfq_tN0Wpe7/view?usp=sharing)

## Көшеде жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережесі

### **Көше ережелері туралы тыңдау.**

1. Көшеде жүру тәртібін орындамау транспорттың жүріп-тұруына кедергі келтіреді, жұмысшылар жұмысқа, оқушылар сабаққа, басқа да баратын жерлеріне дер кезінде жетпеуі мүмкін.
2. Көшеден өту үшін арнайы белгіленген жермен жүрген дұрыс. Егер бар болса, жер асты жолын пайдаланған жөн.
3. Мектепке келе жатқанда өзіңе қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. Өткел тар болса, қарсы кездескен үлкен кісіге жол бер.
4. Тротуармен келе жатып қақпадан көрінген машинаны байқасаң өткізіп жібер. Көшеде тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт, машина есігін ашып қалуы мүмкін.

### **Ауылда**

Біз Бастау ауылында тұрамыз. Алтын ұя мектебіміз ауылдың ортасында орналасқан. Орталық жерден өтетін ерсілі-қарсылы машиналар саны көп. Сондықтан әрбір оқушы күнделікті мектепке келерде көшеде жүру тәртібін жақсы білуі керек.

1. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.
2. Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт.
3. Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе.
4. Жер тайғақ болса, жолда абайла.
5. Ауылымызда тротуар жоқ, сондықтан жолдың оң жақ шетімен жүр.

### **Қалада**

Сен бір қалаға келдің делік. Ауылға қарағанда мұнда адам да көп, машина да көп. Ал енді сол қала көшелеріндегі лек-лек халық пен ерсілі-қарсылы ағылған машина, автобус, поезд трамвайлар арасынан дұрыс жол тауып өту үшін сен көшеде жүру тәртібінің негізгі ережелерін жатқа білуің керек.

### **Ол мына ережелер:**

1. Екі көшенің қиылысқан әрі «Өтетін жер» деп жазылған түсті, асфальтта сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерде, қарсы алдындағы бағдаршамның жасыл шамы жанған кезде ғана көшені кесіп өтуге болады.
2. Жүріп келе жатқан машиналардың алдынан өтіп кетемін деуші болма, ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше тоса тұр.
3. Көшеден өтерде әуелі сол жағыңа, көшенің орта тұсына жеткенде оң жағыңа қара. Егер машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орнында, ақ жолақ сызылған тұста күте тұр.

4. Көше қиылыстарында бағдаршамда жасыл шам жанған кезде не болмаса өтіңіздер деген сөз көрінгенде ғана көшені кесіп өтуге болады.
5. Аялдамада тұрғанда автомобиль, автобус, троллейбустың тек ары жағынан айналып өт, сонда сен оның соңынд келе жатқан машинаны дер кезінде көре аласың.
6. Ал трамвайдың тек алдыңғы жағынан ғана өтуге болады.

### **Судағы, су қоймаларындағы қауіпсіздік ережесі**

Судағы төтенше жағдайлардың басты себептері, азаматтардың құтқарушылармен күзетілмейтін су айдындарында демалуынан, шомылуға жабдықталмаған және арналмаған жерлерде шомылуынан, судағы қауіпсіздік талаптарын білмеуінен және оларды ұстанбауынан, ішімдік ішіп шомылуынан, жүзе білмеуінен, балалардың су жағасында ересектердің бақылауынсыз қалуынан болып тұр.

Судағы қайғылы жағдайлардың негізгі себебі болып азаматтардың судағы қауіпсіздік ережелерін дөрекі бұзуынан немесе оны білмеулерінен болып табылады.

### **Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін оқыңыздар және есте сақтаңыздар:**

- тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;
- шомыла білмей белдеріңізден жоғары келетін суға кірмеңіздер;
- шомылу кезінде бір біріңізді көзден таса қылмаңыздар;
- жағадан алыс, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеңіздер;
- жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;
- жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақындамаңыздар;
- қайықтан, көпірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірмеңіздер;
- суға көп шомылмаңыздар, аса тоңып және шаршап қалуларыңыз мүмкін;
- түнгі уақытта және мас күйлеріңізде суға шомылмаңыздар.

### **Құрметті ата-аналар, мұғалімдер!**

Балаларды қатаң бақылаңыздар, оларды үлкендердің бақылауынсыз қалдырмаңыздар. Балаларға тек арнайы жабдықталған орындар мен жерлерде үлкендердің қадағалауымен ғана шомылуға рұқсат етіңіздер. Балаларға үрлемелі матрацтармен, камералармен, тақтайлармен, үрлемелі ойыншықтармен жүзуге қатаң тиым салынады. Оларды жағадан жел немесе ағын алысқа алып кетуі мүмкін, ал бұл көмек көрсетуге қиындық туғызады.

**Азаматтар! Суда абай болыңыздар! Судағы қауіпсіздік ережелері мен сақтық шараларын сақтаңыздар, сонда су жағасындағы жазғы демалыс қайғылы болмайды.**

Естеріңізде болсын! Егерде Сізбен қауіпті жағдай төнсе, Сізге көмек қажет болса «112» Құтқару қызметінің телефон номерін теріп алыңыздар.



## Мектептегі өрт қауіпсіздік ережелері

Мектепте өрт болған жағдайда қауіпсіздіктің алғы шарттары орындалуы тиіс.

Өрт болып жатқан бөлменің есігін жабу қажет. Өрт болып жатқаны туралы дабыл қағыңыз. Барлығы белгіленген жерге жиналып, адамдарды түгелденіп отырыңыздар. Дабылдан кейін өрт сөндірушілерді шақыру қажет.

Өрт сөндірушілер келгенде мынаны білу керек: Қай жерде, қай бөлмеде өрт болып жатқандығын бәрі құтқарылғандығын білу керек.

### Мектептегі өрттен құтқару тәртібі:

1. Дабыл қағу
2. 101 телефонына қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақыру
3. Құтқару
4. Жинақталу
5. Түгендеу

**Дабыл:** Кез-келген адам (мұғалім, оқушы, күзетші) өртті көргенде жедел дабыл қағу керек.

**Құтқару:** Дабылды естісімен, оқушылар сынып жетекшілердің бағыттауымен бір – бірлеп сыныптан шығып, белгіленген жерге жинаулары қажет. Құтқару кезіндегі қажетсіз есіктерді жабу керек.

**Жиналыс:** Жиналу жерді алдын ала белгілеу қажет. Жиылыс орнына келгендер сынып немесе адамдар тобы анық бір жерді белгілеп, шашырамай сол жерде болулары қажет. Сосын әр сынып жетекші түгендеу жүргізеді.

Өрт кезіндегі тәртіп

**ЕРЕЖЕСІ:** Өрт болып жатқан бөлменің есігін жауып кетіңіз. Өрттен қашқанда басқа адамға да айтыңыз. Әсіресе өрт жайлы мұғалімге айтыңыз. Эвакуация жасаңыз.

Егер өрт қауіпті болмаса өзіңіз өрт сөндіру құралдарын қолданыңыз.

### Сабақ уақытындағы және мектептегі қауіпсіздік ережесі мен тәртібі

Осы Ереженің мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау.

**ОҚУШЫЛАР:** мектеп Жарғысын орындауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің еңбегіне құрметпен қарап мектепішілік Ережені сақтауға міндетті.

#### 1. Оқушылардың сыртқы келбеті.

• Бекітілген үлгідегі мектеп формасын киюге:

5-8 сыныптар: форма фартук (шалбар), көк түсті пиджак, ақ түсті блузка.

- Косметиканы қатты жағып және сәндік бұйымдарын шамадан тыс тақпауға ұсыныс жасалады.
- Мектепте, тазалықты сақтау мақсатында барлық оқушылар, екінші жеңіл аяқ киім киіп жүруі керек.
- Спорттық киімді дене шынықтыру сабағында ғана кию керек, басқа сабақта кию орынсыз.
- Мектепте себепсіз сыртқы киіммен жүруге болмайды.
- Салтанатты жиналыстарға және жалпы мектептік шараларға оқушылар мерекелік киім киіп келуге тиіс.
- Мерекелік кештерге, концерт және дискотекаларға оқушылар қалаған киімдерін киіп келеді.

#### 2. Жалпы тәртіп ережелері.

- Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 10 минут қалғанда кешікпей келулері керек.
- Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, шаштарын әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.
- Өрт қауіпсіздігі, Жол ережелерін оқып, біліп және со Ережелерді сақтауға міндетті.
- Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.
- Оқушылар, үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға: мұғалімдердің және мектептің басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті.
- Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі.
- Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп; кішкентай оқушыларды алдымен жіберулері және де ұлдар қыздарға жол берулері керек.
- Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Күш қолдану адамның ар-намысын қорлайды, сондықтан мектепте төбелесуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Оқушыларға: сабақ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; мектепте және оның маңайына жарылғыш, жанғыш, сұйық заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, газ баллондарын, шылым мен спирттік ішімдіктерді, есеңгірететін және уландыратын заттарды әкеліп пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Мектепте: оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мініуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға **ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**;

### **3. Сабақ кезінде.**

Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрулары керек. Олар амандасқаннан соң және мұғалімнің рұқсатынан кейін орындарына отырады. Осылай оқушылар сабақ кезінде сыныпқа кіріп келген әрбір кісімен амандасып қарсы алулары керек. Мұғалім немесе басқа адам сыныптан шыққаннан кейін де оқушылар орындарынан тұрулары керек.

*Сабақ кезінде мұғалім сабақтағы тәртіп ережесін өзі орнатады.*

Сабақ үстінде шулауға, өзі басқа нәрсеге алаңдап және де жолдастарын да сөзге тартып, ойынмен алаңдатуға болмайды.

Егер оқушы бірдеңе айтқысы, сұрақ қойғысы келсе, ол қолын көтеріп, мұғалім рұқсат берген соң сөйлеуі керек. Мұғалім басқа да тәртіп ережелерін қоя алады.

Сабақ аяқталған туралы қоңырау мұғалім үшін соғылады. Ол сабақ аяқталуының дәл уақытын белгілеп оқушыларға оның аяқталғаны туралы хабарлайды.

Егер оқушы мектептегі сабақты қалдырса, ол сынып жетекшісіне медициналық анықтаманы немесе ата-анасынан қысқаша хат әкелуі керек. Сабақты дәлелді себепсіз қалдыруға немесе сабаққа кешігіп келуге рұқсат етілмейді.

### **4. Үзілісте және сабақ аяқталғаннан соң.**

Үзіліс кезінде оқушылар: өздерінің жұмыс орнын қалпына келтіріп қоюға; сыныптан шығуға; кезекші мұғалімдердің және де басқа жұмыскерлердің талаптарына бағынуға міндетті.

Үзілісте: баспалдақтармен жүгіруге, терезе ойығы, шыны витрина немесе басқа да ойнауға арналмаған жерлерде жақын, бір-бірін итеріп, заттарды лақтыруға және күш көрсетіп жаман, былапыт сөздерді айтып қол сермеп, басқа қылықтар жасап шулауға, басқаларға демалуға, жұмыс істеуге кедергі жасауға болмайды.

Асханада болғанда оқушылар: ыстық және сұйық тамақ алып жатқан кезде жан-жағына назар аударып абай болулары керек; асханадан алған немесе үйлерінен алып келген тамақты асхананың ішінде ғана жеулері керек;

мұғалімдердің немесе асхана жұмыскерлерінің талаптарына бағынады: тамақты кезекпен алады: тамақтанғаннан соң үстелдің үстін жинайды.

## **5. Мектеп маңайындағы тәртіп.**

Мектеп маңайы мектептің бөлігі болып есептеледі (мектеп учаскесі).

Мектеп учаскесінде оқушылар: оның алыңының шегінен шықпай; жалпы тәртіп ережелерін сақтап жүрулері керек.

### **Күзгі , көктемгі, жазғы , демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі мен оқушылардың жүріс тұрысы**

Күз мезгілінің ерте түскеніне байланысты өзендер мен көлдердің бетін жапқан мұздар өте қауіпті болып келеді. Бұл мұзды басуға болмайды. Күзгі мұз адам басқан салмағынан шатырлап, қауіп туралы ескертеді.

Су қоймасындағы күзгі мұзды басуға қауіпті. Желмен балалар және балық аулаушылар тұрған мұз үлкен бөлшектерге бөлініп жарылған жағдайлар да болған. Оларды құтқару үшін тікұшақ және кішкене кемелер пайдаланған. Күзде балаларға су қоймаларын кесіп өтуге тыйым салынады. Күзде өзендердің мұзы жарылып кету қаупі болады сондықтан балаларға ойнауға болмайды. Мұздан мұзға секіріп, жағадан алыстау өте қауіпті. Мұндай әрекет қайғылы жағдайға әкеледі. Осы себептен балалар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

#### **Мұны білу қажет!**

- Адам үшін қауіпсіз болып тұрғы суда 10 сантиметрден кем емес ал тұзды суда 15 см. қалыңдықты мұз болып саналады.
- Өзен сағасында және саласында мұз әлсіз келеді. Мұз жылдам ағыс орындарында, су бұрқақтап ағып жатқан және ағып жатқан жерлерде, сондай-ақ балдыр өсетін аудандарында, ағаштарға, көшет және қамыстарға жақын жерлерде әлсіз.
- Егер 3 күннен аса ауа температурасы 0 градустан жоғары болып тұрса, онда мұздың беріктігі 25% төмендейді.
- Мұздың беріктігін көзбенде анықтауға болады: мұз көгілдір түсті – берік, ақ – оның беріктігі 2 есеге кем; сұр, күнгірт-ақ немесе сары реңкті болса мұз осал.

#### **Қатерге ұшыраған болсаңыз, не істеу керек:**

- Шу көтермей, даурықпай, тыныштық сақтаңыз.
- Мұз бөлінген жағдайда қолыңды екі жаққа созып, мұзға кеудемен немесе арқамен аяқты созып жатуға тырыс.
- Су үстіне қалқып шығуға, немесе қалың мұз үстіне жүзіп баруға тырыс. Мұз үстіне алдымен бір аяқты, содан кейін екінші аяқты салу керек.
- Егер мұз әлсіз болса, мұздың қалың жеріне аунап түсіп, жағаға қарай жылжу керек.
- Келген жағыңызға қарай еңбектеу керек, себебі ол жердің мұзының мықтылығы тексерілген.

#### **Сіздің көмегіңіз қажет болса:**

- Ұзын бұтақша, тақтай, сырық немесе арқан алыңыз. Шарф, белбеу немесе киімді де алуға болады.
- Құтқару құралдарды алдыңызға салып, аяқ пен қолдың арасын ашып, жылымға қарай абайлап еңбектеу керек.
- Суға батушы адамға бірнеше метр жетпей тоқтап, оған жіп, киімнің шетін лақтырып, таяқ немесе тақтай беріңіз.
- Зардап шеккен адамды абайлап мұз үстіне шығарып, қауіпті жерден жорғалап шығыңыз.

- Келген жағыңызға қарай жылжу керек.
- Зардап шеккен адамды жылы жерге жеткізіңіз. Оған көмек көрсетіңіз: зардап шеккен адамның су киімін шешіп, арақ немесе спиртке малынған шүберекпен немесе қолыңызбен денесін сылаңыз, ыстық шай ішкізіңіз.

### **Суда құтқару қызметі ескертеді:**

*Көктемгі тасқын және сең жүру кезінде қайғылы оқиғалар көп болады.*

*Оның себебі су қоймаларындағы абайсыз жүріс-тұрыс.*

*Көктемде мұз мықты болып көрінгенімен әлсіз болады.*

*Мұндай мұз асытына түсіп кетуіңіз мүмкін.*

### **ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН:**

- Еріген су пайда болғанда су қойма бетіне тұруға қауіпті;
- Су астыннан балық аулаушылар балық аулауды тоқтату қажет;
- Мұз жүрген кезде көпір тіреулеріне сүйену қауіпті;
- Мұз жүрген кезде жарлы жағада тұру қауіпті;
- Көктемгі мұз үстіне автокөлікпен жүруге болмайды;
- Су қоймалары арқылы түнгі мезгілде өтуге болмайды.

### **ЕГЕР СІЗ СУ ТАСҚЫНЫ БАСТАЛҒАН ЖЕРДЕ БОЛСАҢЫЗ**

- **Су, газ, электр тоғын өшіріңіз, есік және терезелерді жабыңыз, алғашқы медициналық қобдишасын, артық азық-түлікті, жылы киім, ақша, құжаттарды дайындап қойыңыз;**
- **Ғимараттың жоғарғы қабатына немесе жақын жерде орналасқан қырға көтеріліңіз, жүзу құрал ретінде пайдалануға болатын барлық жарамды заттарды (шина, тақтай, пластикалық бөтелкелер, камералар, пенопластар) жинаңыз.**
- **Егер көмекке мұқтаж болсаңыз – апат дабылын беріңіз. Суға құлау қауіпі болған жағдайда киімнің астынан жеңіл суда батпайтын заттарды (пластикалық бөтелке, доп, пенопласт кесектері) байлап алыңыз;**
- **Су қайтқаннан кейін іргетастың бүтіндігін, қабырға, терезе, еден жағдайын тексеріңіз.**
- **Газ және жарықты мамандарға қосқызыңыз.**
- **Үлкен материалдық зиян келтірілген жағдайда жергілікті атқарушы органдарға жүгініңіз.**

*Су тасқыны болған жағдайда қайғылы оқиғалар жиі балалармен болады.*

*Көктемгі су тасқыны уақытында балалардың өзенге баруына тыйым салыңыз*

Бастау ауылының №2 ЖОББМ-іне Атбасар қаласынан Аграрлық-индустриялық колледжінен 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды қабылдау туралы 9,10,11 сыныптарға үгіт-насихат жүргізді. Хазы Алмагул

М. Тынышпаев атындағы ҚазККА «АҚ» Ақмола колледжі» ЖШС 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды қабылдау туралы 9-11 сыныптарға үгіт-насихат жүргізді.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды қабылдау туралы Буршанбаева Лаура Муратовна келіп ақпарат берді.

<https://www.instagram.com/p/CaPdykYIgvP/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/Ca83U46oDy5/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/Cc2bBx9ozso/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

<https://www.instagram.com/p/CdnAKx8I0-G/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

**Жүргізілген жұмыстар ссылжада**

**Жол жүру жас инспекторларының жұмыс жоспары  
2020-2021 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Мерзімі</b>		<b>Жауаптылар</b>
1	Жол қозғалысы жас инспекторлар жасағының онлайн дөңгелек үстел	Қыркүйек		Тәлімгер, Ұйым мүшелері
2	«Қауіпсіз мектеп автобусы» түсіндіру жұмыстары	Қазан		Полиция қызметкерлері, ДТІЖО
3	«Жол жүргізуші, менің өмірімді сақта!» сурет байқауы	Қараша		Тәлімгер, Ұйым мүшелері
4	«Жол белгілерін білесің бе?» тәрбие сағаттар	Желтоқсан		Класс жетекшілер
5	«Назар аудар,бағдаршам!» акциясы	Қаңтар		Тәлімгер , Класс жетекшілер, Ұйым мүшелері
6	«Жол ережелерін кім білгіш?» викторина	Ақпан		Тәлімгер, Жасақ командирі
7	«Озық ойлы оқушы» интеллектуалды білім сайысы	Наурыз		Тәлімгер, Ұйым мүшелері
8	«История одного светофора» Познавательные факты	Сәуір		Тәлімгер, Ұйым мүшелері
9	«Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» сурет көрмесі	Мамыр		Тәлімгер , Класс жетекшілер, Ұйым мүшелері

Мектеп тәлімгері:

Азимхан Б

**Приложение 12**  
**к Критериям оценки**  
**организаций образования**

**Сведения**

**о наличии объекта питания, соответствующего санитарным правилам и нормам**

КГУ «Общеобразовательная школа №2 села Бастау Атбасар отдела образования по  
Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»

Фактический адрес строения, занятого под образовательный процесс	Наименование объекта питания (столовая, буфет, кафе)	Наличие санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии объекта питания санитарным правилам и нормам (дата и номер)	Примечание (в случае сдачи объекта питания в аренду указать сведения об арендаторах)
1	2	3	4
Республика Казахстан Акмолинская область, Атбасарский район с.Бастау улица Байгара 31	столовая	KZ73RVKS00006254 От17.11.2015	-

Договор лицензия

<https://drive.google.com/file/d/1WfLSxZe9AMkThWLMwjVIIQ17zyYMGv2s/view?usp=sharing>

[https://drive.google.com/file/d/1BkRy7HouDYjxU\\_axy2OB65VzhQdQoQCc/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1BkRy7HouDYjxU_axy2OB65VzhQdQoQCc/view?usp=sharing)

<https://drive.google.com/file/d/13D0K82RZZFF5BUf72916wi7LQL700I2x/view?usp=sharing>

**Приложение 13**  
**к Критериям оценки**  
**организаций образования**

**Мектептің материалдық — техникалық базасын жетілдіру**

<b>№</b>	<b>Іс-шаралар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Оқу кабинетін жөндеуден өткізу.	Тамыз	Багилова Б.Ш
2	Электр жарығын жөндеу.	Тамыз	Багилова Б.Ш
3	Спорт алаңын көркейту.	Қыркүйек	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
4	Күзгі көшеттерді отырғызу, мектепті көгалдандыру.	Қазан	Технология пәнінің мұғалімдері
5	Жылыту жүйесін қосып көру.	Қазан, қараша	Багилова Б.Ш
6	Материалдық бағалы заттарды есепке алу.	Қараша	Багилова Б.Ш
7	Жаңа оқу жылына мектепті ағымдағы жөндеудің жоба – сметасының құжаттарын дайындау.	Қаңтар	Багилова Б.Ш
8	Оқу кабинеттерінің жабдықталу жағдайын қадағалау.	Ақпан	Багилова Б.Ш
9	Мектеп стадионын көктемгі-жазғы маусымға дайындау.	Наурыз	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері
10	Көктемгі көшеттерді отырғызу, мектепті көгалдандыру.	Сәуір	Багилова Б.Ш
11	Мектеп ғимаратына жазғы ағымдағы жөндеуді өткізу үшін	Мамыр	Багилова Б.Ш



	материалдармен қамтамасз ету.		
12	Мектептегі жазғы лагерь жұмысының дайындық базасы.	Мамыр	Азимхан
13	Мектеп ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмыстары.	Мамыр-тамыз	Багилова Б.Ш

<https://drive.google.com/file/d/16dotEPT6RR00KijX28V3JSWgHNNKJGaE/view?usp=sharing>

### Өртке қарсы қауіпсіздік жұмысы

№	Негізгі жұмыс бағыттары мен іс-шаралар	Мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Өртке қарсы қауіпсіздік жұмысы талаптарын орнату, жауапты адамдарды тағайындау және жас өрт сөндіру жасақ құру туралы бұйрық. Мектеп қызметкерлерінен ерікті өрт сөндіру жасағын құру туралы бұйрық	Қыркүйек	Багилова Б.Ш
2	Мектеп жұмысшылары мен оқушыларға өртқауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулық беру	Қыркүйек	Багилова Б.Ш
3	Өрт қауіпсіздігі бұрышын жасау	Қыркүйек	Багилова Б.Ш
4	Электрқосындылар, тоқ күштері және электржүйесіне тексеріс жүргізу	Қыркүйек	Багилова Б.Ш
5	Өрт сөндіру құралдарын тексеру	Қыркүйек	Багилова Б.Ш

### Сведения

о материально-техническом обеспечении образовательного процесса, в том числе о наличии компьютеров, наличии учебных лабораторий, учебных предметных кабинетов и технических средств обучения

КГУ «Общеобразовательная школа №2 села Бастау Атбасар отдела образования по Атбасарскому району управления образования Акмолинской области»

(наименование организации образования)

(по состоянию на \_\_)

## Инвентаризационная опись

12 ноября 2021 год

Председатель комиссии      завуч школы      Бекей А.

*должность*      *Ф.И.О.*

Члены комиссии: бухгалтер-ревизор РОО      Едрисова Н.А.

*должность*      *Ф.И.О.*

председатель профкома      Габбасова Б.С.

*должность*      *Ф.И.О.*

учитель      Исакова Г.Т.

*должность*      *Ф.И.О.*

учитель      Ербалина С.Н.

*должность*      *Ф.И.О.*

На основании приказа (распоряжения) от "12" ноября 2021г. № 01-05/106

произвели передачу: основных средств и запасов

Место проверки: КГУ "Средняя школа № 2 села Бастау отдела образования Атбасарского района"

Ф.И.О. материально-ответственного лица      Кодзасов Н.Р.

### Заключение руководителя

### Расписка

*оформляется до начала инвентаризации*

нижеподписавшие даю (даем) настоящую подписку в том, что к началу проведения инвентаризации все документы, относящиеся к приходу или расходу долгосрочных активов

и запасов сданы в бухгалтерскую службу и все долгосрочные активы и запасы поступившие на мою (нашу) ответственность, оприходованы, а выбывшие списаны в расход

Материально ответственные лица:

№ п/п	Наименование объекта	Год выпуска (постройки)	Инвентарный номер	Код	<i>должность</i>		<i>подпись</i>		<i>Ф.И.О.</i>				Примечание
					фактическое наличие	по данным бухгалтерского учета	Недостачи		Излишки				
							к-во	сумма	к-во	сумма			
1	2	3	4	5	к-во	сумма	к-во	сумма	1	1	1	13	14
1	Здание котельной сш	2008	232101000091	шт	1	3 943 964,0	1	3 943 964,00	0	1	1		

	№2 с.Бастау					0							
2	Здание сш №2 с.Бастау	2006	232101000092	шт	1	184 397 637,0 0	1	184 397 637,00					
<b>ИТОГО 2321</b>						<b>188 341 601,0 0</b>	<b>2</b>	<b>188 341 601,00</b>					
3	Автобус ПАЗ-32053	2008	235003000052	шт	1	3 675 000,0 0	1	3 675 000,00					
<b>ИТОГО 2350</b>						<b>3 675 000,0 0</b>	<b>1</b>	<b>3 675 000,00</b>					
4	Компьютерный класс (5+1)	2007	236006000001	комп	1	829 520,0 0	1	829 520,00					
5	Мультимедийный лингафонный кабинет (16+1)	2009	236006000002	комп	1	4 989 770,0 0	1	4 989 770,00					
6	Компьютерный класс (6+1)	2011	236006000003	комп	1	721 000,0 0	1	721 000,00					
